



Мамырдың он бірі  
Сынып жұмысы  
Батыр туса-ел ырысы

**1-тапсырма. Жаңа сөздермен таныс (Ознакомься новыми словами). Жаңа сөздерді оқы, сөздікке жаз. (Прочитай слова, перепиши в словарь)**

## СӨЗДІК

алдыңғы шептегі- передний фланг, фронтальной  
мәңгі есімізде-вечно в памяти

Отанын қорғаған жауынгерлердің батырлығы мәңгі есімізде қалмақ-подвиги  
героев-защитников Родины навеки останутся в нашей памяти

шексіз-безграничный

қару-жарақ-оружие

мақтан тұтарлық-гордиться

Бұл-Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі-для  
сегодняшних воинов это является образцом для подражания



## 2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Прочитай текст с пониманием.

Мәншүк Мәметова 1922 жылы дүниеге келген. Студенттік жылдары медициналық институттағы оқуын және ҚазКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің Хатшылығындағы жұмысын ұштастырған. 1942 жылы 13 тамызда ол өз еркімен майданға аттанып, 21-ші атқыштар дивизиясы мен 100-ші атқыштар бригадасының құрамында соғысты. Аға сержант және пулемет бөлімінің командирі атағын алды. Мәншүк Мәметова 1943 жылдың қазан айында Невель түбіндегі ұрысқа қатысқаны үшін Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Оның атымен Алматы қаласындағы көше мен мектеп, Іле Алатауындағы мұздық пен шың аталған.

### Перевод

Маншук Маметова родилась в 1922 году. В студенческие годы совмещала учёбу в Медицинском Институте и работу в секретариате Совнаркома КазССР. 13 августа 1942 года она ушла добровольцем на фронт и воевала в составе 21-й стрелковой дивизии и 100-й стрелковой бригады. Получила звание старшего сержанта и командира пулеметного расчета. Маншук Маметова была удостоена посмертным званием Героя Советского Союза за участие в бою под Невелем в октябре 1943 года. Её именем названы улица и школа в городе Алматы, ледник и вершина в Заилийском Алатау.



Әлия Молдағұлова 1925 жылы Бұлақ ауылында дүниеге келген. 18 жасында мергендер мектебін бітіргеннен кейін Әлия Молдағұлова майданға өз еркімен аттанады, онда ол екінші Балтық майданының 54-ші атқыштар бригадасының құрамында соғысады. Ол Псков маңындағы батальонның сәтті шабуылына ықпал етті. Молдағұлова мерген ретінде танымал болған. Әлия Молдағұлова қайтыс болғаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы мен орденіне ие болды.

#### Перевод

Алия Молдагулова родилась в 1925 году в ауле Булак. В 18 летнем возрасте, после окончания школы снайперов, Алия Молдагулова отправляется добровольцем на фронт, где она воевала в составе 54-й стрелковой бригады Второго Прибалтийского фронта. Она способствовала успешному наступлению батальона под Псковом. Молдагулова была известна как меткий снайпер. Алия Молдагулова была посмертно удостоена звания Героя Советского Союза и Ордена



Талғат Жақыпбекұлы Бигелдинов 1922 жылы 5 тамызда Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Майбалық ауылында дүниеге келген. Талғат Жақыпбекұлы Бигелдинов - Кеңес ұшқыш-шабуылшысы, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры, 1945 жылғы 24 маусымда Қызыл Алаңдағы Жеңіс парадына қатысушы, Қазақстан авиациясының генерал-майоры. 2014 жылы 10 қарашада Алматыда қайтыс болды.

#### Перевод

Талғат Жақыпбекұлы Бигелдинов родился 5 августа 1922 году в Акмолинской области, Коргалжынский район Майбалык. Талғат Жақыпбекұлы Бигелдинов-советский лётчик-штурмовик, дважды Герой Советского Союза, участник Парада Победы на Красной площади 24 июня 1945 года, генерал-майор авиации Казахстана. Умер 10 ноября 2014 году в Алма-Ате.

**3-тапсырма (9-тапсырма 139-бет) Мәтіндерді негізге ала отырып, «Ұлы Отан соғысының батырлары» тақырыбы бойынша диалог құрыңдар. (Опираясь на тексты составить диалог по теме «Герои Великой Отечественной войны»).**

*Сау болыңыздар!*

